

**«Visa картасына телефон нөмірімен аударылған ақшаны алып, Sulprak дүкендерінде тауар сатып алатын сертификат ұтысына қатыс»
Акциясының ережелері**

1. **«Телефон нөмірімен аударылған ақшаны алыңыз және 50 000 тг сертификатын ұтыңыз»** Акциясының (ары қарай – «Акция») тәртібі мен өткізу шарттары осы Ережелермен айқындалады.
2. Акция жеңімпаздары осы Ережелерде баяндалған өлшемдерге сәйкес анықталады.
3. Акцияны ұйымдастырушы «Банк ЦентрКредит» АҚ (БСН 980640000093) (ары қарай – «Банк»), мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 38
4. Акция Серіктесі:
 - 4.1. Visa International Service Association (Виза Интернэшнл Сервис Ассосиэйшн) (ары қарай - «Visa»);
5. Акция «Ойын бизнесі туралы» ҚР Заңы мен «Лотерея және лотерея қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес мағынасы және анықтамасы жағынан құмар ойын емес және/немесе лотерея емес.
6. Акцияға қатысу ақысыз.
7. Акцияға 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары, тұруға ықтиярхаты бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттері, осы Ережелердің барлық талабын тиісінше орындаған жеке тұлға (ары қарай – «Акция қатысушысы») қатыса алады.
8. Акцияға Акция Ұйымдастырушысымен немесе Серіктестерімен кез келген белгілері бойынша және кез келген нысанда үлестес тұлғалар, оның ішінде қызметкерлер, олардың жақын туыстары (жұбайы/зайыбы, ата-анасы (ата-анасының біреуі), қызы, ұлы, асырап алушылар, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары), Қазақстан Республикасының бейрезиденттері және осы Ережелердің 7-бабында көрсетілмеген өзге де адамдар қатыса алмайды және қатыспайды.
9. Акцияның жүлде қоры:

№	Жұлденің атауы	Жұлделердің жалпы саны	Жеңімпаздар саны
1	Sulprak дүкендер желісінің атаулы құны 50 000 теңге электронды сертификаты	50 дана	Негізгі - 50 Қосалқы - 10
10. Акция мерзімі: 10 наурыз 2023 жылғы 00 сағат 00 минуттан 31 мамыр 2023 жылғы 23 сағат 59 минутты қоса алғанға дейін (ары қарай – «Акция кезеңі»).
11. Акцияға қатысу шарттары:
 - 11.1. Жарамды VISA төлем картасының иесі болу;
 - 11.2. Акция кезеңінде VISA картасына телефон нөмірі арқылы аударым алу:
 - Аударым саны шектелмеген;
 - Телефон нөмірімен картасына аударылған әрбір аударым Акцияға қатысады;
 - Аударым көлемі шектелмеген;
 - Бір Қатысушыға тиесілі Visa карталары арасында телефон нөмірі арқылы өз қаражатын аударуға жол беріледі.
12. Осы Ережелердің 11-бабының талаптарын толық орындағандар Акцияға қатысады;
13. Акцияға қатысушылар Акция кезеңінде Sulprak дүкендер желісінің атаулы құны 50 000 теңге 1 электронды сертификатты ұтып алуға үміткер болады
14. Акция аяқталған соң, қатысушы Транзакциялар тізімін Visa Ұйымдастырушыға жібереді
15. Ұйымдастырушы Акция жеңімпаздарын (негізгі және қосалқы) Visa ұсынған қатысушы Транзакциялар тізімі арасында осы Ережелердің шарттарын толық орындаған Қатысушылар қатарынан Алматы уақытымен 16 маусым 2023 жылы ___ сағ. 00 минутта random.org сайтында кездейсоқ таңдау әдісімен анықтайды.

16. Ұйымдастырушы Жеңімпаздар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, клиентпен негізгі байланысу арнасы (ұялы телефон/мессенджер) арқылы, осы Қағидалардың 13-бабына сәйкес ұтыс туралы Жеңімпаздарға хабарлайды.
17. Акция жеңімпаздарының тізімі Ұйымдастырушының сайтында және әлеуметтік желілерде жариялануы тиіс
18. Акция аяқталған соң Ұйымдастырушы жеңімпаздар тізімі бар сайтқа сілтеме жасай отырып, Акцияның өткізілгенін Visa растауын жібереді.
19. Жеңімпаз Ұйымдастырушының қоңырауына 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе Жүлдеден бас тартса, Ұйымдастырушы бірінші қосалқы жеңімпазға, ал бірінші қосалқы жеңімпазға хабарласу мүмкін болмаған жағдайда, екінші резервтік жеңімпазға хабарласады және т.с.с.
20. Жеңімпаз, Ұйымдастырушының сұрауы бойынша мессенджер немесе электронды пошта арқылы мынадай ақпаратты беруге міндеттенеді: аты-жөні, жеке куәлігі, пошта индексі бар нақты тұратын мекенжайы, байланыс телефоны, электронды пошта мекенжайы
21. Жүлде Жеңімпаздың Sulrak дүкені дерекқорындағы Жеңімпаздың ұялы телефон нөміріне тіркелген Жеңімпаз аккаунтының теңгеріміне атаулы құны 50 000 (елу мың) теңге электронды сертификатты, осы Ережелердің 17-бабында көрсетілген ақпарат жариялаған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде аудару арқылы табысталады.
 - 21.1. Дүкеннің дерекқорында Жеңімпаздың аккаунты болмаса, осы Ережелердің 19-бабында көрсетілген 13-бапқа сәйкес аккаунт ашылады және жеңімпаздың ұялы телефон нөміріне тіркеледі.
22. Ұйымдастырушы мен Серіктес Жеңімпаздың Ұйымдастырушы мен Серіктеске тәуелді емес кез келген себептен жүлдені ала алмағаны үшін жауап бермейді.
23. Ұйымдастырушы мен Серіктес Жеңімпаздың алған жүлдені ары қарай пайдалануына жауап бермейді.
24. Егер жүлде осы Ережелердің 19-бабында көрсетілген себеппен алынбаған жағдайда, оны Жеңімпаз қайта талап ете алмайды. Мұндай жүлделерді алмауға қатысты шағымдар қаралмайды
25. Жеңімпаздар алған жүлделер айырбасталмайды және қайтарылмайды. Жүлделердің ақшалай баламасы берілмейді.
26. Акция, Акциядағы елеулі өзгерістер, Акция жеңімпаздары туралы ақпарат және басқа да ақпарат @Visakz_official Instagram парақшасында, Ұйымдастырушының сайтында BCC.KZ және әлеуметтік желілерідегі Ұйымдастырушының парақтарында жарияланады.
27. Ұйымдастырушы мен Серіктес Акция мерзімін, шарттарын, жүлде қорын кез келген уақытта толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ Акцияның өткізілуін тұтастай немесе өз қалауы бойынша тоқтатуға, тоқтата тұруға, жоюға, бұл туралы Акцияға қатысушыларға және барлық мүдделі тұлғаға осы Ережелерде айқындалған тәсілмен, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес хабарлауға құқылы.
28. Ұйымдастырушы мен Серіктес Акцияға қатысушының қателіктерінің салдары, соның ішінде одан кейінгі шығындары үшін жауап бермейді.
29. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Ұйымдастырушыға және Серіктеске Қатысушының аты-жөнін, оның науқанға қатысуына байланысты жеке деректерді, сұхбаттарды немесе ол туралы басқа материалдарды, соның ішінде Акцияға қатысушының фотосуреті мен бейнетүсірілімін, сондай-ақ Акцияға қатысушымен жасалған фото және бейнежазбаларды пайдалану құқығын даусыз, сөзсіз және қайтарып алынбайтын тәртіппен береді. Акция туралы жарнамалық ақпаратты шектеусіз және аумақты шектеусіз және осындай пайдалану үшін кез келген сыйақыны төлемей таратуға келіседі.
30. Жүлдені қабылдауға келісе отырып және өзінің дербес деректерін ұсына отырып, Қатысушы Ұйымдастырушы мен Серіктестің ұсынылған дербес деректерді, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңында

(бұдан әрі - заң) қарастырылған ережелерге сәйкес жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), алуға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, Акция өтетін бүкіл мерзімде және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Акция өткізу мақсаттары үшін жоюды қоса алғанда, оны өңдеуге келісетінін растайды. Қатысушы кез келген уақытта Ұйымдастырушының мекенжайына: «Банк ЦентрКредит» АҚ, ҚР, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 38 тиісті тапсырысты хат жіберу көрсетілген Келісімді арқылы кері қайтарып ала алады.

31. Акцияға қатысу факті Ұйымдастырушының және Серіктестің Қатысушының дербес деректерін Акция өткізу мақсатында қажетті кез келген тәсілдермен және осы Ережелерде көзделген тәртіппен өңдеуге Қатысушының келісімін еркін, нақты, ақпараттандырылғанын және саналы түрде білдіру болып табылады.
32. Осы Ережелердің мақсаттарында Дербес деректер деп жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) қатысты тікелей немесе жанама түрде айқындалған немесе айқындалатын кез келген ақпарат түсініледі
33. Акцияға Қатысушы Акцияға қатысуға байланысты құқықтарын (оның ішінде жүлде алу құқықтарын) үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы жоқ.
34. Акцияға қатысу факті Акцияға қатысушының осы Ережелермен танысқанын және келісетінін білдіреді. Ережелермен келісу толық және сөзсіз
35. Акцияның барлық нәтижесі, сондай-ақ акцияны Ұйымдастырушы мен Серіктестің шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды
36. Ұйымдастырушы мен Серіктес осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда және даулы жағдайлар туындаған кезде Акцияға қатысушылармен жазбаша келіссөз не басқа да байланыс жасамау құқығын өзіне қалдырады
37. Осы Ережелерде қарастырылмаған жағдайларда түпкілікті шешімді ұйымдастырушы қабылдайды.
38. Акцияға қатысуға, ұтыс ойындарын өткізуге, жүлделерді тапсыруға және т.б. байланысты қандай да бір мәселелер туындаған кезде Акцияға қатысушы zhanar.mustafina@bcc.kz электронды пошта мекенжайына хат жазу арқылы Ұйымдастырушыға хабарласа алады, Ұйымдастырушы жауап хатты Акцияға қатысушыдан өтініш хатын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.
39. Осы Ережелер Акцияның ресми құжаты болып табылады.